

heavy metals and radionuclides within acceptable limits. In the study of honey for antibiotics, we found trace amounts of chloramphenicol, streptomycin, sulfonamides and tylosin.

Key words: honey, antibiotics, safety, estimation, quality.

ӘОЖ 619-45. 021.6-092. 612.

Нұрғазы Б.Ө., Шабдарбаева Г.С., Ибажанова А.С.

Қазақ ұлттық аграрлық университет

ИТ ДИРОФИЛЯРИОЗЫНЫҢ КЛИНИКАЛЫҚ МОРФОЛОГИЯЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕРІ

Аңдатпа

Ит дирофиляриозының клиникалық морфологиялық өзгерістерін зерттеу үшін «У Лукоморья» ветеринариялық клиникасына өлім себебін анықтау мақсатында әкелінген 5 ит өлексесі қолданылды. Зерттелген иттердің 2-і ауыр клиникалық белгілерімен әкелінген. Патологиялық анатомиялық зерттеу нәтижесінде *Dirofilaria* өкпе және жүректен анықталды. Жүректің оң жақ қарыншасында және өкпе артериясында 18 ересек паразит сонымен қатар, 1 иттен ұзындығы 17см болатын ересек құрт анықталды. Макроскопиялық өзгерістер: оң жақ жүрекше кеңіп, өкпе артериялары қабырғалары диффузды қалыңдаған, сонымен қатар, паразиттік құрттарды өкпе, бүйректе де байқадық. Гистологиялық көрінісі: өзгерістер барлық мүшелерде орын алған, олар гемодинамикалық бүлінулермен, дистрофиялық, аллергиялық, қабынулық өзгерістермен көрінген.

Кілт сөздер: ит, жүректегі құрттар, жарақат, паренхималық мүшелер.

Кіріспе

Қазақстанда жыл сайын үй жануарларының ішінде иттердің саны да артуда. Оған дәлел ретінде ветеринариялық клиникалардың, питомниктердің, терісі бағалы аң фермалардың, көрмелердің күн жылдан жылға көбеюі дәлел бола алады. Алайда иттің аурулары да жиілеуде.

Дирофиляриоз – қауіпті табиғи-ошақты гельминтоз. Онымен жиі ит, мысық, жабайы аңдар, кейде адам да ауырады. Ит дирофиляриозы – жүректің оң жақ қарыншасында және өкпе артериясында, сирек жағдайда тері асты шелде, көзде, мида дирофиляриялардың көрінуімен және паренхималық мүшелердің қанталап, қабынуымен сипатталатын паразиттік ауру [1,2].

Сонғы кезде, аталған ауру Қазақстанның оңтүстік, оңтүстік-шығыс аймақтарында жиі тіркелініп жүр. Негізінен бұл дертке терісінің жүні ұзын асыл тұқымды иттер шалдығады. Итте ауру өте жіті өткендіктен, дер кезінде нақтылы балау қою мүмкіндік туғыза бермейді. Ит дирофиляриозының патологиялық морфологиясы туралы деректер көбінесе шет ел ғалымдарының зерттеулерінде кездестіргенмен, біздің елде аз зерттелген. Құрылымдық қызметтік өзгерістерді әр қырынан кешенді түрде зерттеу ауруға дер кезінде нақты диагноз қоюға және емдік – алдын-алу шараларын жүргізуге мүмкіндік береді [3].

Патологиялық анатомиялық зерттеулер нәтижелері ең бірінші ауруды алдын-алуға, балауға және ажыратып балауға мүмкіндік береді. Осыған байланысты қазіргі таңда ит дирофиляриозының патологиялық морфологиялық өзгерістерін анықтап зерттеу өзекті мәселе болып қала береді [1, 3].

Материал мен әдістер

Зерттеу материалы ретінде «У Лукоморья» ветеринариялық клиникасына 2014 жылы ауыр клиникалық белгілерімен көрінген ит өлекселерінің ішкі мүшелері қолданылды. Барлық ит өлекселері толық патологиялық анатомиялық сойып зерттеліп, хаттамалар

толтырылды. Ауруға диагнозды кешенді түрде: жалпы эпизоотологиялық жағдайды, аурудың клиникалық белгілерін ескере отырып, паразитологиялық, сойып-зерттеу және гистологиялық зерттеулер нәтижелерінің негізінде қойдық. Ит өлекселерін Г.В. Шор ұсынған эвизерация әдісімен сойып-зерттедік.

Патологиялық анатомиялық сойып-зерттеу барысында әртүрлі өзгеріске ұшыраған ішкі мүшелер суретке түсірілді. Барлық сойып-зерттелген ит өлекселерінің ішкі мүшелерінен гистологиялық және гистохимиялық зерттеу жүргізу үшін, көлемі 0,5-1 см болатындай кесекшелер алынды. Алынған патологиялық материал бейтараптандырылған 10% формалиннің судағы ерітіндісіне салынып 24 сағат бекітілді.


Патматериалды сусыздандыру үшін 60°, 70°, 80°, 90°, 96°₁, 96°₂ спиртте бір-бір тәуліктен ұстадық. Кесекшелерді парафинде бекітіп, қалыңдығы 5-10 микрон болатындай жұқа кесінділер алдық. Мүшелердегі жалпы өзгерістерге шолу жүргізу үшін гематоксилинэозин; Ван-Гизон; Азур-эозин бояуларын пайдаландық.

Зерттеу нәтижелері мен талдау

«У Лукоморья» ветеринариялық клиникасына әкелінген 5 иттің барлығында клиникалық белгілер бірдей болып көрінді. Олар: жалпы жүдеу, әлсіздік, летаргия, артқы аяқтарынан кеуде қуысына дейін домбыққан, жүрегін тыңдап көргенде жүрек соғысы өзгерген, ауыр тыныс алған, әлсін-әлсін жөтелген, тыныс алғанда сырыл естілген, 1 итте жөтелгенде аузынан қан аралас қақырық бөлінген. Барлық иттерде жүйке жүйесінің қозу белгілері байқалды.

Патологиялық анатомиялық зерттеу нәтижесі: паразиттердің уыттылығынан барлық мүшелер дерлік зақымдалған, әсіресе зілді өзгерістер жүрек пен өкпеде көрінді.


Жүрек – көлемі ұлғайған, оң жақ қарынша қабырғасы жұқарған, нүктелі қанталап, жұмсарған. Кесіп қарағанда көптеген *Dirofilaria* құрттарын көрдік (1-сурет).



1-сурет – Жүректегі *Dirofilaria* құрты.

Сойып зерттелеген барлық иттердің бауыры ұлғайған, қырлары доғалданған, түсі қою қара-қызыл, өт қабы өтке шамадан тыс толған. Бауыр жіті веналық гиперемияға және паренхималық дистрофияға ұшыраған. Біздің ойымызша жіті веналық гиперемия жүрек жұмысының төмендеуінен орын алған, ал мүшенің паренхималық дистрофиясы жалпы интоксикациядан туындаған деп есептейміз. Бүйрек – көлемі шамалы ұлғайған, қоңыр-сұр түсті, сыртында диаметрі 1 мм болатын ақшыл-сұр түсті бірнеше ошақтар бар. Көк бауыр – көлемі аздап ұлғайған, түсі ала-құла: ашық қызыл түстен қошқыл түске дейін болды. Мүшенің қырлары доғалданған, тығыздығы әдеттегідей. Аш ішектің қабырғасы домбыққан, сірлі қабығы аздап қызарған. 12-елі ішектің кілегейлі қабығы аздап ісінген, көбінесе қою-сары түске боялған. Тоқ ішектің қабырғасы қалыңдап, домбыққан, ішек қуысында қошқыл-қызыл түсті кілегейлі масса жиналған. Кілегейлі қабық астында көптеген нүктелі қанталалулар болды. Өкпенің көлемі ұлғайған, ақшыл-қызыл түсті, тығыздығы қамыр тәрізді, тілік бетінен көп мөлшерде көбік аралас қызғылт сұйықтық ақты.

Гистологиялық зерттеу нәтижесі: кардиомиоциттердің көлденең және ұзына бойы орналасқан жолақтары анық көрінбейді. Жүрек ет талшықтарының арасында қантамырлар қанға толып, домбығу, кейбіреулерінің көлденең жолақтары жойылған, ядролар анық көрінбейді. Өкпе артериясындағы жұқа ет талшықтары арасында қышқыл мукополисахаридтер шоғырланған. Мукополисахаридтердің шамадан тыс жиналуынан талшықтар бір-бірінен алшақтап, қалыпты құрылымы жойылған. Паразиттердің механикалық әсерінен өкпе артериясында эндотелий эрозияға ұшыраған, ал бүрлер пролиферация күйінде болды. Өкпеде гиперемия және домбығу, эмфизема көріністері бір бірімен араласып көрінді. Өкпенің ауқымды бөлігінде альвеолааралық дәнекер ұлпада орналасқан капиллярлардың қуысы кеңіп, қанға толған, альвеолалар қуысында эозинмен қызыл түске боялған домбығу сұйығы жиналған. Өкпенің кейбір аймақтарында эмфиземаға тән көрніс байқалды, бұл жерде альвеолалардың қуысы кеңіген, қабырғалары жұқарған және үзілген, альвеолярлық эпителий созылып жұқарған, альвеолалар қабырғасындағы қантамырлар қансызданған. Өкпе ішілік бронхтарда паразиттер миграциясының нәтижесінде геморрагиялық инфильтраттар пайда болған. Ұсақ дирофилярийлер өкпе альвеолаларынан және интерстицийлік капилляр жолдарынан көрінді (2-сурет).



2-сурет – Өкпе альвеоларындағы микрофилярийлер.

Бауырда көбісінде өзгерістер қан тамырлар реакциясымен және гепатоциттердің дистрофиясымен көрінді. Бөлікшелік құрылым сақталған, үштік аумағындағы бөлікшеаралық дәнекер ұлпада гистиоциттер мен лимфоциттер шоғырланған, көп жағдайда қан тамырлардың толыққандылығы, периваскулярлы домбығу және эндотелиоциттердің ісінуі байқалды. Бүйрек - нефроциттер терең дистрофиялық өзгерістерге ұшыраған. Олардың көлемі ұлғайған, шекаралары анық емес, ядролар саны сиреген, нефроциттер цитоплазмасында эозинофильді түйірлер көбейген. Ми затында қантамырлар қанға толған. Қантамырлар және нейрондар айналасында домбығу сұйығы жиналған. Көк бауырдың қызыл пульпасы эритроциттермен толған, мүшенің кейбір бөліктерінде капсула астында геморрагиялық инфаркттер көрінді, лимфалық фолликулдардың саны азайып, көлемі кішірейген.

Қорытынды

Сонымен, дирофиляриозға шалдыққан иттер организмінде патологиялық морфологиялық өзгерістер тіршілікке маңызды барлық мүшелерде байқалды. Олар қан айналымының бұзылуымен, дистрофиялық, қабынулық, аллергиялық үдерістермен көрінді.*

Әдебиеттер

1. Mehlhorn H. (ED) *Энциклопедия паразитологии*. 3rd Edition. Нью-Йорк: Springer, 2008, p.200.
2. Хуан С.С., Лай С.Н. Основные гельминтозы плотоядных, v.131, p.261-265, 2005.

3. *Ширяева В.Н.* Клинико-морфологические особенности диروفилароза в Волгоградском регионе // Кан.дисс., Волгоград, 2006.

Нургазы Б.О., Шабдарбаева Г.С., Ибажанова А.С.

КЛИНИКО-МОРФОЛОГИЧЕСКИЕ ИЗМЕНЕНИЯ ПРИ ДИРОФИЛЯРИОЗЕ СОБАК

Материалом для изучения клинико-морфологических изменений при диروفилариозе послужили трупы 5 собак, доставленных в ветеринарную клинику «У Лукоморья» для определения причины смерти. Из числа исследованных двух собак привезли в состоянии с тяжелыми клиническими признаками. В результате патологоанатомических исследований в сердце и легких собак обнаружены гельминты *Dirofilaria*. В правом желудочке сердца и легочной артерии найдены 18 взрослых паразитов, а также у одной собаки обнаружили червь длиной 7см. Макроскопические изменения: расширение правого желудочка сердца, диффузное утолщение стенок легочных артерий, а также обнаружены паразитические черви в легких, почках.

*Бұл мақала ҚР БҒМ 055 грантты қаржыландыру шеңберінде № 0115 РК 00. 730 бағдарламасымен жарияланды.

Гистологическая картина: изменения обнаружены почти во всех органах, они проявлялись гемодинамическими расстройствами, дистрофическими, воспалительными, аллергическими процессами.

Ключевые слова: собака, сердечные черви, травма, паренхиматозные органы.

Nurgazy B.O., Shabdarbayeva G.S., Ibazhanova A.S.

CLINICAL AND MORPHOLOGICAL CHANGES OF DIROFILARIASIS DOGS

The material for the study of clinical and morphological changes at dirofilariasis 5 dogs were the corpses brought to the veterinary clinic "Voskhod" to determine the cause of death. Among the investigated two dogs brought in a state of severe clinical signs. As a result of pathological studies in dogs with heart and lung worms found *Dirofilaria*. In the right ventricle and the pulmonary artery 18 adult parasites were found, and one dog found worm 17cm long. Macroscopic changes: enlargement of the right ventricle of the heart, diffuse thickening of the walls of the pulmonary arteries, as well as parasitic worms found in the lungs, the kidneys. Histology: changes found in almost all organs, they were shown hemodynamic disorders, degenerative, inflammatory, allergic processes.

Keywords: dog, heartworm, trauma, parenchymatous organs.

УДК 619:61:33-002:636.7

Омарбекова Г.К., Махмутов А.К., Алимгазина С.Б., Хизат С.

Казахский национальный аграрный университет, г. Алматы

ЛЕЧЕНИЕ ДЕРМАТИТА ЖИВОТНЫХ

Аннотация

В статье приводятся данные лечения простого дерматита животных препаратами левомеколь и пихтовый бальзам и их результаты. Установлено, что физиологические